

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін жетілдірудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 қыркүйектегі N 177 Жарлығы "Президент пен Үкімет актілерінің жинағында" жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын жетілдіру және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымын жетілдіру мақсатында

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1271 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 50, 640-құжат; 2005 ж., N 39, 555-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы

е р е ж е д е :

мәтіндегі "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі", "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің", "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен", "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне" деген сөздер тиісінше "бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган", "бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның", "бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органмен", "бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

12-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың төлем жүйелеріне қолжетімділігін қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық шараларға және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптарды белгілейді";

1 3 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "резиденттер мен резидент еместердің Қазақстан Республикасының аумағында валюталық құндылықтармен операцияларды" деген сөздер "резиденттер мен резидент еместердің Қазақстан Республикасының аумағында валюта операцияларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) сұраныс пен ұсыныс көздерінің, сондай-ақ шетел валютасын ішкі валюта нарығында пайдалану бағыттары мониторингін жүзеге асырады,";

11) тармақша алып тасталсын;

15-тармақ мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) алтын-валюта активтерінің өтімділігін және сақталуын, сондай-ақ бірқалыпты тәуекел деңгейі кезінде ұзақ мерзімді болашақта кірістілігін қамтамасыз ете отырып олармен операциялар жүргізеді.";

16 - т а р м а қ т а :

5) тармақша "қорытындыны беру" деген сөзден кейін "талаптарын және" деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақшадағы "операцияларды автоматтандыру жүйесі" деген сөздер "бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) тармақшадағы "операцияларды автоматтандыру" деген сөздер "бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) т а р м а қ ш а д а :

"санкциялар қолданады" деген сөздер "санкцияларды қолдану тәртібін айқындайды және қолданады" деген сөздермен ауыстырылсын;

"белгіленген тәртіппен" деген сөздер "көзделген" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 16-2-тармақпен толықтырылсын:

"16-2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқаруды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Ұлттық Банкі:

1) Қазақстан Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалатын және ресми басылымдарда жарияланатын сенімгерлік басқару туралы шарт негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады ;

2) бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларды жүзеге асыру тәртібін айқындайды ;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін айырбастау және қайта айырбастау тәртібін айқындайды ;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтеріне сыртқы басқарушылар таңдау тәртібін айқындайды.";

17 - т а р м а қ т а :

3) тармақшадағы "сондай-ақ мемлекеттік кепілдігі жоқ мемлекеттік емес сыртқы заемдар және Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің операциялары бойынша шарттардың мониторингін" деген сөздер "мемлекеттік кепілдіктері жоқ мемлекеттік емес сыртқы қарыздар бойынша шарттардың мониторингін және

Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент еместердің валюта операцияларының мониторингін (валюта мониторингін)" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақша "мәселелер бойынша" деген сөздерден кейін (төлем балансы, сыртқы борыш, ақша-кредит және қаржы статистикасы жөніндегі" деген сөздермен, "белгілейді" деген сөзден кейін "және оны жинауды жүзеге асырады" деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармақша алып тасталсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) вексельдердің бірінші сыныпты эмитенттерінің өтеу мерзімі бір жылдан аспайтын коммерциялық вексельдерін қайта есепке алады;"

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын ескере отырып Қазақстан Ұлттық Банкі үшін бухгалтерлік есеп саясатын және әдістерін айқындайды;"

20-тармақтың екінші абзацындағы "Басқармасы" деген сөз "нормативтік құқықтық актілері" деген сөздермен ауыстырылсын;

22-тармақтың үшінші абзацындағы:

"бес лауазымды тұлғасы" деген сөздер "төрт лауазымды тұлғасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"екі өкілі" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ уәкілетті органның басшысы" деген сөздермен толықтырылсын;

23 - тармақта :

1) тармақшадағы "әзірлеу" деген сөз "мақұлдау" деген сөзбен ауыстырылсын;

13) тармақша алып тасталсын;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджетін (шығыстар сметасын) және оны пайдалану, жарғылық және резервтік капиталдарды қалыптастыру, Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі құрал-жабдықтарын және өзге де мүлкін басқару тәртібі туралы нормативтік құқықтық актілерді бекіту;

16), 27) және 30) тармақшалар алынып тасталсын;

34) тармақшадағы "кіреді" деген сөз алып тасталсын, 35) тармақшадағы "айқындайды" деген сөз "айқындау" болып жазылсын және мынадай мазмұндағы 36), 37), 38) және 39) тармақшалармен толықтырылсын:

"36) Қазақстан Ұлттық Банкінің консультативтік-кеңесші органдарын құру туралы шешімдер қабылдау;

37) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін айырбастау және қайта айырбастау ережелерін бекіту;

38) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтеріне сыртқы басқарушылар таңдау тәртібін айқындайтын ережелерді бекіту;

39) банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға реттелуі Қазақстан Ұлттық Банкінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ықпал ету шараларын және санкциялар қолдану тәртібін айқындайтын ережелерді бекіту кіреді.";

36-тармақта "Басқармасының" деген сөз "Директорлар кеңесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымында:

1 - б ө л і м д е :

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 12-1 жолмен толықтырылсын:

"12-1. Қаржы тұрақтылығы басқармасы";

реттік нөмірі 19-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Үйлестіру департаменті (Астана қаласы)";

2-бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 18-жолмен толықтырылсын:

"18. Қызметті қамтамасыз ету орталығы (филиал)";

3-бөлімдегі реттік нөмірі 6-жол алып тасталсын;

4-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Ұлттық Банкінің өкілдіктері:

1. Қазақстан Ұлттық Банкінің Ресей Федерациясындағы өкілдігі

2. Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама
К о р о л ь д і г і н д е г і ө к і л д і г і

3. Қазақстан Ұлттық Банкінің Қытай Халық Республикасындағы өкілдігі".

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі:

1) 2006 жылдың соңына дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппараты қызметкерлерінің бір бөлігін Алматы қаласынан Астана қаласына көшіруді жүзеге асырсын;

2) Астана қаласында төлем жүйелерінің үзіліссіз жұмыс істеуін, елдің алтын-валюта активтерін және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқаруды қамтамасыз ететін резервтік орталық құру жөніндегі дайындық жұмыстарын бастасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті